

## Беларусь Республикасынан Тәжікстан Республикасына әскери мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 34

1995 жылғы 26 мамырдағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы арнайы жүктерді және әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау туралы келісімге, "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Беларусь Республикасынан Тәжікстан Республикасына 1998 жылғы 15 мамырдағы N 7/СИ/1558 келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда Тәжікстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 10001-ә/б 832-автобронетехника әскери зауыты үшін (Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласы) Беларусь Республикасының Қорғаныс министрлігі 140-жөндеу зауыты (Беларусь Республикасы, Минск қаласы) беретін әскери мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен әскери мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      1 7                      қ а ң т а р д а ғ ы

N                      3 4                      қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Тәжікстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің  
10001-ә/б 832-автобронетехника әскери зауыты үшін**

**"140-жөндеу зауыты" республикалық біртұтас кәсіпорны  
беретін әскери мүліктің саны**

P/c N	Әскери мүліктің атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	Бір бірлік бағасы АҚШ долларымен	Құны АҚШ долларымен
1	УТД-20 двигателі	871000000	дана	7	6717	47019
2	В-46-6 двигателі	871000000	дана	1	6493	6493
3	В-84-1 двигателі	871000000	дана	1	7314	7314
4	В-55 двигателі	871000000	дана	3	5200	15600
5	765-сб 117	871000000	дана	13	3549	46137
				т р а н с м и с . с и я с ы		
Ж и ы н ы				25	122563	

Шекаралық өту пункттері: Илецк-1 (Ресей Федерациясы) -  
Луговая (Қазақстан Республикасы)  
Жөнелту пункті: Минск қаласы (Беларусь Республикасы)  
Баратын пункті: Душанбе қаласы (Өзбекстан Республикасы)